

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
21.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 21.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жаканұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы енгізіліп отыр.

Аталған келісімге 2021 жылғы 20 шілдеде Мәскеу қаласында қол қойылған болатын.

Келісімді әзірлеудің мақсаты жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын Еуразиялық экономикалық одағынан шетелге өткізу бойынша ақпарат алмасу болып табылады.

Келісімде кедендік Еуразиялық экономикалық одақ арқылы қолма-қол ақша қаражатын және ақша құралдарын өткізу кезінде өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу тәртібі айқындалады.

Ақпараттық өзара іс-қимыл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің уәкілетті, құқық қорғау және кеден органдарының екінші мүше мемлекеттің жауапты органына сұрау салулары бойынша жүзеге асырылады.

Алмасу жолаушылардың кедендік декларациясында және тауарлар декларациясында жеке тұлғалар мәлімдеген ақпаратты ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Өзара іс-қимыл жасау тәртібінде сұрау салудың мазмұны, оны орындау мерзімдері, оған қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаларды, сондай-ақ сұрау

салуды орындаудан бас тарту мүмкіндігі және басқа да сондай жағдайлар көзделеді.

Келісімде өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығы, оны қорғау, сақтау және жою туралы нормалар, сондай-ақ мұндай ақпарат рұқсатсыз таратылған жағдайда мүше мемлекеттер қабылдайтын шаралар қамтылатын болады.

Құрметті депутаттар, қарастырылып жатқан келісімді ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондықтан сіздерден оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызы.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович! В статье 2 рассматриваемого соглашения указано, что информационное взаимодействие между государствами – членами ЕАЭС осуществляется путем предоставления сведений, которые физическое лицо заявило в своей пассажирской таможенной декларации или декларации на товары (если оно, конечно, перевозит наличные денежные средства или денежные инструменты). С казахстанской стороны ответственным за предоставление указанных сведений является Министерство финансов.

В статье 4 соглашения говорится, что информационное взаимодействие может осуществляться с использованием интегрированной информационной системы союза при условии обеспечения всех необходимых мер по защите информации.

Скажите, пожалуйста, на какой стадии находится разработка такой информационной системы, как будут защищены каналы передачи в случае использования указанной интегрированной информационной системы? Насколько будут защищены персональные данные при введении этой системы? Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет, құрметті Айгүл Сайфоллақызы.

Вы правильно сказали, в соглашении отмечено, что информационное взаимодействие может осуществляться с использованием интегрированной информационной системы, но оно не обязывает. Тем не менее мы сейчас совместно со странами Евразийского экономического союза налаживаем информационные системы для того, чтобы их интегрировать. В настоящее время определено около 80 процессов, которые необходимо автоматизировать, более 20 процессов уже автоматизировано. Планмерно работа будет реализована.

При этом в соответствии с законодательством, когда эти информационные системы будут передаваться в промышленную эксплуатацию, они обязательно проходят тестирование со стороны ГТС Комитета национальной безопасности и Министерства цифрового развития,

инноваций и аэрокосмической промышленности. Таким образом, мы полностью обеспечиваем защищенность каналов передачи связи.

ТӨРАҒА. Депутат Имашева Снежанна Валерьевна.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Келісімнің 6-бабының 2-тармағында мүше мемлекеттердің мемлекеттік құпиясын (мемлекеттік құпияларын) құрайтын мәліметтерді алмасу тәртібі, оларды қорғау жөніндегі шарттар мен шаралар мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарда қолданылатын жекелеген халықаралық шарттармен айқындалады деп айтылған.

Басқа халықаралық шарттарға сілтеудің орнына неге дәл осы шартта бұл тәртіптерді қарамасқа деген сұрағым бар.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Снежанна Валерьевна, сұрағыңызға рақмет.

Біз бұл келісімді талқылау барысында қажетті ұғымдарды заңға сәйкестендіруге мойынсұнған болатынбыз. Дегенмен бұл келісімде тек негізгі мәселелер талқыланды, ал құпияға немесе мемлекеттік құпияға қатысы бар өзара іс-қимыл бұл ақпарат алмасуға келмейді. Себебі оның өзінің заңдық нюанстары, яғни әр мемлекеттің заңдарында өз ерекшеліктері бар, сол ерекшеліктер ескерілді. «Мемлекеттік құпия» деген ұғымның өзі әр мемлекетте әртүрлі анықталған. Сондықтан біз мемлекеттік құпияға қатысты мәселелерді кейінге қалдырып отырмыз. Және бұны жалпы бестікке емес, мүмкін, мемлекеттердің өзара алмасуы деңгейінде қарастыратын шығармыз. Себебі бұл жерде қылмыстық және басқа да заң бұзушылыққа қарсы мәселелер бар. Оны біз ортақ ақпарат алмасу жүйесіне енгізе алмаймыз. Сондықтан бұны біз арнайы қарастыратын боламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Адамбаев Сырым Жұматайұлы.

АДАМБАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Қарастырылып отырған келісім терроризмді заңдастыруға және қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ақпарат алмасу механизмін айқындайды деп жоспарлануда. Атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражаты мен басқа да ақша құралдарының өтуі бақылауға алынады.

Осы келісімді жүзеге асырудан қандай нәтиже күтетінізді айтыңызшы. Бұл келісім капиталды елден заңсыз өтудің алдын алу бойынша жұмыстарды күшейтуге мүмкіндік бере ме? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сырым Жұматайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Әрине, қазіргі кезде капиталды сыртқа әкету және қолма-қол ақшаны айналымнан шығаруға қарсы барлық мемлекеттер тарапынан іс-шаралар қабылдануда, Қазақстанда да сондай кешенді жұмыстар жасалынып жатыр. Бұл келісімнің бізге оң әсері бар. Басқа мемлекеттерден ақпарат сұрастырғанда оны алу көп жағдайда ұзаққа созылады және оның ортақ ережесі жоқ. Осы келісім арқылы құқық қорғау органдары немесе прокуратура тарапынан қажетті ақпаратты тездетіп алуға мүмкіндік болады. Қазақстанда құқық қорғау органдарымен, Қаржы министрлігімен, Ұлттық Банкпен бірлескен арнайы топ бар. Бұл жерде де бизнес-процестер толық жүйеленуде. Сондықтан бұл

кешенді жұмысқа бүгін талқыланып жатқан келісімшарттың пайдасы көп деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерұлан Кенжебекұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Нұр Қанат Ілияұлына беріледі.

НҰР Қ.И. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Рассматриваемый законопроект был внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан 3 августа 2022 года в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан № 525.

Соглашение было подписано странами ЕАЭС 20 июля 2021 года в городе Москве в целях своевременного обмена информацией и сведениями в сфере противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма при перемещении наличных денежных средств и (или) денежных инструментов через таможенную границу Евразийского экономического союза. Его основные положения уже были обозначены в выступлении докладчика.

На сегодняшний день всеми постоянными комитетами Мажилиса Парламента по данному законопроекту представлены положительные заключения. При рассмотрении в рабочую группу предложения не поступали.

На основании вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения об обмене информацией в сфере противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма при перемещении наличных денежных средств и (или) денежных инструментов через таможенную границу Евразийского экономического союза».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қанат Ілияұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ли Юрий Виссарионовичқа беріледі.

ЛИ Ю.В. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги и приглашенные! Я поддерживаю обсуждаемый законопроект.

Вопросы противодействия легализации доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма являются очень важными для современного общества. Казахстан, как активный участник международных организаций, прилагает все усилия для совместного выявления таких преступлений и их профилактики.

В этой связи рассматриваемый законопроект направлен в первую очередь на совершенствование межгосударственного механизма сотрудничества в рамках ЕАЭС. В частности, соглашением регулируется

информационное взаимодействие государств – членов ЕАЭС. Органы государств-членов, участвующих в данном процессе, в соответствии со своими внутренними законодательствами будут также принимать меры по защите, хранению и уничтожению полученной информации.

В целом уполномоченными органами проводится работа по выявлению и пресечению противоправной деятельности, связанной с перемещением наличных денежных средств через таможенную границу. Последовательное применение рекомендаций и положений международных правовых норм позволит внутреннему законодательству соответствовать мировым стандартам в этой области.

Вместе с тем следует отметить, что у нас имеются иные нерешенные вопросы, требующие особого внимания. К примеру, остаются актуальными проблемы международного сотрудничества и противодействия киберхищениям и финансовым пирамидам. Не секрет, что зачастую такие преступления организуются и совершаются с территории стран СНГ либо с территории государств – членов ЕАЭС, что требует быстрой и качественной проработки со стороны соответствующих правоохранительных структур.

Учитывая это, важно придать новый качественный импульс международному правовому сотрудничеству, существенно снизить бюрократию в этой плоскости для быстрого исполнения оперативно-следственных действий, получения ответов на запросы и обмена информацией.

Возвращаясь к рассматриваемому соглашению, безусловно, его положения окажут позитивное влияние на улучшение криминогенной обстановки как в нашей стране, так и странах-партнерах, что дополнительно будет препятствовать отмыванию и легализации преступных доходов.

Уважаемые депутаты! С учетом того, что рассматриваемый законопроект отвечает национальным интересам в вопросах противодействия легализации доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, я предлагаю его поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жок. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жок болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



Құжаттамамен халтамасыз ету
Білімнің сектор меңгерушісі
Майіс Н. Шайтбайұлы